



Бекітемін:
Методикалық

Қ.К. Бимағамбетова

Жанаозен қаласы

жоспары

2024-2025 оқу жылы

«№6 ЖББМ» және «№1,3,16 бастауыш мектеп» серіктес мектептері «Самау» қоғамдастығының жұмыс

Түсінік хат

№6 жалпы білім беретін мектептің 2024-2025 оқу жылының басында №1, №3 ЖББМ және №16 бастауыш мектеп мұғалімдерімен қоғамдастық құрылды. №6 жалпы білім беретін мектеп тірек мектебі болып саналады. Бұл қоғамдастықтың құрылу мақаты. Жетекші мектептегі жанартылған білім беру мазмұнын енгізу тәжірибесіндегі ерекшеліктер мен қалыптасқан дағдыларды тәжірибе арқылы бірлестік бөлісу және мектептердің ынтымақтастығы кездескен қиындықтардың шешу жолдарына әдістемелер жинақтау.

Қоғамдастық мүшелері: Серіктес мектептердің директорлары, оқу ісінің менеджері, мектеп тренелері, мектеп үйлестірушілері, көшбасшы мұғалімдер, №6 жалпы білім беретін мектептің фокус топ мүшелері мен пән мұғалімдері. Қоғамдастық жұмысының жүру бағыты: кәсіби әңгіме, үйрету, оқыту семинарлары, коучинг, тәлімгерлік үлгісі.

Қоғамдастықтың мақсаты:

- ✓ Серіктес мектептердің өзара тәжірибе алмасуын ұйымдастыру арқылы, сапалы білімге қол жеткізу
- ✓ Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту да мұғалімдерге кәсіби қолдау көрсету
- ✓ Тимді идеяларға қол жеткізу мақсатында мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеру
- ✓ Біріккен ақпараттық орта қалыптастыру
- ✓ Желілік қоғамдастық аясында мұғалімдердің іс-тәжірибесінде сабақты зерттеу тәсілін қолдану қабылеттерін арттыру

Міндеттері:

- Желілік қауымдастықты құру арқылы ой бөлісу, и тәжірибе алмасу, білім мен біліктілікті дамыту
- Ортақ шешімге келу, ортақ жұмысты жоспарлау
- Мұғалімнің кәсіби қызметіне көмек көрсету, педагогтердің ақпарат алмасуына жағдай жасау
- Мәселені бірлесе отырып талқылау, талдау, ақпаратпен бөлісу
- Ұзақ педагогикалық тәжірибелерді тарату

➢ Желілік қоғамдастықтың әрбір мүшесіне қолжетімді деңгейдегі біртұтас ақпараттық педагогикалық ресурс қалыптастыру

Жетекші мектеп пен серіктес мектептердің ақпарат алу және кері байланыс алу құралы: электронды пошта, онлайн конференция, скайп т.б.

Жетекші мектептің функциялары:

- Ұйымдастыру – әдістемелік
- Зерттеушілік
- Оқу-әдістемелік
- Диагностикалау-талдама жасау
- Ақпараттандыру-таратушылық

Күтілетін нәтиже:

- Мұғалімдер үнемі ізденісте болып, үздіксіз кәсіби дамыды
- Бірілескен жұмыс нәтижесін көре алады
- Іс-әрекеттегі зерттеулер нәтижесін көреді
- Критериялды бағалау жүйесін (ҚБ, БЖБ, ТЖБ) шынайы, сеніммен қолдана алады, модерация жұмысын жауапкершілікпен атқарады
- Мектеп бойынша сыныптағы, оқушыдағы, мұғалімдегі өзгерісті көре алады
- Мектептер арасында ынтымақтаасқан орта қалыптасады, жанашыл, шебер мұғалімдер саны артады

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ Жетекші және Серіктес мектептердің жылдық жоспары

№	Іс шара	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Өткізу орны	Күтілетін нәтиже	Дәлелдемелер
Ұйымдастыру шаралары							
1	Мектеп үйлестірушілерінің I отырысы	Қоғамдастықтың жұмыс жоспарын талқылау және бекіту	Қазан	Жетекші мектеп және серіктес мектеп координаторлары	№6 ЖББМ	Жылдық жоспарлары	Фото материалдары
Әдістемелік шаралары							
2	Дөңгелек үстел «Болашаққа нық қалам»	Тәжірибелі мұғалімдердің нәтижелі тәжірибелері негізінде үйрену	Желтоқсан	Жетекші мектеп әдіскері, координаторы	№6 ЖББМ	Кері байланыс	Фото материалдары
3	Қалалық семинар «Оқытудың заманауи формалары мен әдістері»	Заманауи әдістерді сабақ барысында қолдану, оқышылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру	Қаңтар	Жетекші мектеп әдіскері, координаторы	№6 ЖББМ	Тәжірибелерімен алмасу	Фото материалдары
4	Қалалық семинар-практикум «Нейросети в современной школе: новые горизонты образования»	Қалалық семинар	Ақпан	Жетекші мектеп және серіктес мектеп координаторлары	№16 бастауыш мектеп	Нейроупражнения на активных переменах, использование нейросети на уроках	Фото материалдары
5	Мектеп үйлестірушілерінің II отырысы	Серіктес мектептер жұмысындағы кедергілерді өзара талқылау	Ақпан	Жетекші мектеп және серіктес мектеп координаторлары	№6 ЖББМ	Туындалған мәселелерді талқылау, шешімін табу	Фото материалдары
6	Қалалық семинар «Развитие	Демонстрировать инновационные	Наурыз	Жетекші мектеп және серіктес	№3 ЖББМ	Солействовать интеграции	Фото материалдары

	познавательных способностей через историю, язык и природу»	методы и подходы в преподавании различных дисциплин		мектеп координаторлары		межпредметных связей и развитию комплексного подхода в обучении	
7	Қалалық семинар «Жасанды интеллектін мүмкіндіктері»	Жасанды интеллекті сабақ барысында қолдану, тиімді тәсілдері	Сәуір	Жетекші мектеп және серіктес мектеп координаторлары	№1 ЖББМ	ЖИ сабақта қолдануды үйрету	Фото материалдары
8	Жылдық қорытынды	Қорытынды есеп беру, кеткен кемшіліктерді талқылау	Сәуір	Жетекші мектеп және серіктес мектеп координаторлары	№6 ЖББМ	Мониторинг	Фото материалдары, хаттама

№6 жалпы білім беретін жетекші мектептің
2024-2025 оқу жылындағы есебі

2024-2025 оқу жылының жетекші және серіктес мектептердің жасалған жұмыстарының қорытынды есебі

2024-2025 оқу жылындағы жылдық жоспар негізінде қазан айында жетекші мектеп ретінде №6 ЖББМ-те серіктес №1 ЖББМ, №3 ЖББМ, №16 бастауыш мектептердің алғашқы отырысы өтті. Отырыс барысында серіктес мектептердің жылдық жоспарлары құрылып, талқыланды. Жылдық жоспарларында әртүрлі іс-шаралар жасакталды. Отырыста серіктес мектептердің сапалық құрамында өзгеріс бар екені айтылды. Жетекші мектеп координаторы серіктес мектептердің координаторларына сапалық құрамын жанартып, кестені жасақтауға тапсырма берілді.

Желтоқсан айында жетекші мектеп ретінде №6 ЖББМ «Болашаққа нық қадам» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты: Тәжірибелі мұғалімдердің сабақта қолданатын нәтижелі әдіс-тәсілдерімен бөлісу. Шара барысында жас мамандарға пайдаланатын тиімді әдістер, заманауи ресурстар көрсетіліп, қолданылды. Іс-шараға серіктес және қалалық мектептерден жас мамандар қатысты.

Ағымдағы оқу жылының қаңтар айында жетекші мектеп ретінде №6 ЖББМ-де «Оқытудың заманауи формалары мен әдістері» тақырыбында қалалық семинар өтті. Семинар мақсаты: Оқушыларды сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында заманауи әдістерді сабақта кеңінен қолдану. Семинарға серіктес және қала мектептерінің мұғалімдері қатысты. Семинарға қатысқан мұғалімдер заманауи, тиімді әдіс-тәсілдерді өздерінің білім қоржынына ала кетті. Кері байланыс ретінде қатысушылар жақсы пікірде болды.

Ақпан айында серіктес №16 бастауыш мектепте «Нейросети в современной школе: новые горизонты образования» тақырыбында қалалық семинар-практикум өтті. Семинар мақсаты: Оқушыларға үзілісте нейрожаттығуларды орындату, сабақ барысында нейрожүйелерді белсенді қолдану. Семинар мектепшілік экскурсиядан басталып, қатысушылармен сайыс сабақ, панорамалық, ашық сабақтарымен жалғасын тапты. Семинар соңында серіктес №16 бастауыш мектептің координаторы Роза Хапитовна қатысушылардан кері байланыс сауалнама ретінде алды. Қатысушылар өз пікірлерін айтып, әсерлерімен бөлісті.

Ақпан айының соңғы аптасында жетекші №6 ЖББМ-те серіктес мектеп үйлестірушілерімен II жартыжылдықтың отырысы өтті. Отырыста жыл басындағы кеткен кемшіліктерді ескере отырып, жұмыстарымызды ары қарай жандандыруды тапсырма берілді. Өткізілетін іс-шаралардың тиімді өтудің бірнеше пікірлері талқыланды.

Жылдық жоспар бойынша 2025 жылдың наурыз айында серіктес №3 ЖББМ-те «Развитие познавательных способностей через историю, язык и природу» тақырыбында қалалық семинар өткізілді. Семинар мақсаты: Пәнаралық байланыстарды интеграциялауға және оқытудың кешенді тәсілін дамытуға ықпал ету. Семинарға серіктес және қала мектептерінен мұғалімдер қатысты. Семинарда шебер, ашық және ойын сабақтар өткізілді. Семинар соңында серіктес №3 ЖББМ әдіскері Марина Оспановна және координаторы Жанат Ғайыпбайқызы қатысушылардан кері байланыс алып, пікірлерін тындап, рақметін айтты.

Сәуір айында серіктес №1 ЖББМ «Жасанды интеллекттің мүмкіндіктері» тақырыбында қалалық семинар өткізді. Семинар мақсаты: Қазіргі заманауи ресурстардың бірі жасанды интеллектті сабақта тиімді, белсенді қолдану, олардың мүмкіндіктерімен

бөлісу. Семинарда спикерлер өз тәжірибелерімен бөлісіп қоймай, қатысушыларға өздеріне жасап көруге мүмкіндік берді. Семинар нәтижелі өтті. Серіктес №1 ЖББМ-ң координаторы Фатима Абуевна семинарға келген мұғалімдерімен пікір алмасып, кері байланыс алды.

2024-2025 оқу жылының сәуір айында жетекші мектеп ретінде №6 ЖББМ-ң ғимаратында серіктес №1 ЖББМ, №3 ЖББМ, №16 бастауыш мектептердің координаторларымен жетекші №6 ЖББМ-ң координаторы Измағамбетова Алия Куванышбековна отырыс ұйымдастырып, жылдық қорытынды есеп берілді. Жыл бойы жасалған іс-шараларды талқылап, кеткен кемшіліктер айтылды. Отырыс соңында келесі оқу жылына жаңа тың идеялармен, жаңадан құрылған жылдық жоспарларын дайындап қоюды тапсырма берілді.